ЕСКЕРТУ Құрылғыны пайдалану кезінде өрт, электр тогының соғуы, адамдардың жарақаттануы немесе микротолқынды пештің шамадан тыс әсер ету қаупін азайту үшін негізгі сақтық шараларын орындаңыз, соның ішінде:

- 1. Ескерту:** сұйықтықтар мен басқа да өнімдерді ауа өткізбейтін контейнерлерде қыздыруға болмайды, себебі олар жарылып кетуі мүмкін.
- 2. Ескерту:** микротолқынды энергияның әсерінен қорғауды қамтамасыз ететін қақпақты алып тастауға байланысты кез келген қызмет көрсету немесе жөндеу біліктілігі жоқ адам үшін қауіпті.
- 3. Ескерту:** балаларға пешті қауіпсіз пайдалануға және қате пайдаланудың қауіптілігін түсінуге мүмкіндік беретін тиісті нұсқаулар берілген жағдайда ғана, пешті қадағалаусыз пайдалануға рұқсат беріңіз.
- 4. Ескерту:** құрылғы аралас режимде жұмыс істегенде, балалар жоғары температураға байланысты пешті тек ересектердің бақылауымен қолдануы керек. (Тек қақтамасы бар серия үшін)
- Тек микротолқынды пештерде пайдалануға жарамды ыдыстарды пайдаланыңыз.
- Пешті үнемі тазалау және тамақтың кез келген қалдықтарын жою қажет.
- «МИКРОТОЛҚЫНДЫ ЭНЕРГИЯНЫҢ ШАМАДАН ТЫС ЫҚТИМАЛ ӘСЕРІН БОЛДЫРМАУҒА АРНАЛҒАН САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫН» оқып шығыңыз және орындаңыз.
- Пластмассадан немесе қағаздан жасалған контейнерлерде тағамдарды қыздыру кезінде пешті қадағалаңыз, себебі тұтану мүмкіндігі бар.
- Егер түтін пайда болса, құрылғыны өшіріңіз немесе ажыратыңыз және от сөнуге үшін есікшені жабық ұстаңыз.
- Тағамдарды қатты қыздырып жібермеңіз.
- Пешті азық-түлік сақтау үшін пайдаланбаңыз. Нан, печенье және т. б. сияқты тағамдарды құрылғының ішінде сақтамаңыз.
- Пеште қыздырар алдында қағаз немесе пластик контейнерлерден (қалталардан) сым қысқыштар мен металл тұтқаларды алып тастаңыз.
- Осы пешті тек қана қоса берілген нұсқауларға сәйкес орнатыңыз және жайғастырыңыз.
- Қабықтағы жұмыртқалар мен қатты пісірілген жұмыртқаларды микротолқынды пеште қыздыруға болмайды, өйткені олар тіпті микротолқынды пеште қыздыру аяқталғаннан кейін де жарылуы мүмкін.
- Осы құрылғыны тек қана мақсаты бойынша, нұсқаулықта сипатталғандай пайдаланыңыз. Құрылғыда агрессиялық химиялық затарды немесе буларды пайдаланбаңыз. Пеш қыздыруға арнайы әзірленген. Ол өнеркәсіптік немесе зертханалық пайдалануға арналмаған.
- Қауіпті болдырмау үшін зақымдалған желілік кабельді өндіруші, сервис орталығының өкілі немесе басқа білікті маман жерге тұйықтауы керек.
- Құрылғыны ашық ауада сақтамаңыз және пайдаланбаңыз.
- Осы пешті суға жақын жерде, ылғал үй-жайларда немесе бассейндерге жақын жерде пайдаланбаңыз.

19. Жұмыс кезінде қорғалмаған беттердің температурасы жоғары болуы мүмкін. Электр қуат беру сымын қыздырылған беттерге жақындатпаңыз, сонымен қатар пешке ешқандай заттарды қоймаңыз.
20. Сымның үстелдің немесе бағананың шетінен салбырап тұруына жол бермеңіз.
21. Пешті таза күйде сақтау бойынша талаптарды орындамау бет сапасының нашарлауына әкелуі мүмкін, бұл құрылғының қызмет ету мерзіміне кері әсер етуі, тіпті қауіпті жағдайдың пайда болуына әкелуі мүмкін.
22. Тамақтандыруға арналған бөтелкелер мен балалар тағамына арналған құтылардың құрамын араластыру немесе шайқау керек, ал күйіп қалмас үшін оны қолданар алдында оның температурасын тексеру керек.
23. Сусындарды қыздыру баяу қайнауға әкелуі мүмкін, сондықтан ыдысты пештен шығарғанда сақ болыңыз.
24. Құрылғы физикалық, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеті шектеулі немесе тәжірибесі мен білімі жеткіліксіз адамдарға (соның ішінде балаларға), олардың қауіпсіздігіне жауапты адамның құрылғыны пайдалануына қатысты бақылауда болған немесе нұсқау берілген жағдайларды қоспағанда, пайдалануға арналмаған. (Еуропалық нарықтан тыс нарық үшін.)
25. Балалардың құрылғымен ойнамауын қадағалау қажет. Бұл пешті 8 жастағы және одан асқан балалар, сондай-ақ физикалық, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеті шектеулі немесе тәжірибесі мен білімі жеткіліксіз адамдар, олар бақылауда болса немесе пешті қауіпсіз пайдалану туралы нұсқау алған және ықтимал қауіптерді түсінген жағдайда, пайдалана алады. Балаларға пешпен ойнауға рұқсат бермеңіз. Балаларға қадағалаусыз тазалаумен және қызмет көрсетумен айналысуға тыйым салынған (Еуропалық нарық үшін).
26. Микротолқынды пеш шкафқа орнатылмауы тиіс.
27. Микротолқынды пеш тағамдар мен сусындарды қыздыруға арналған. Азық-түлікті немесе киімді кептіру және жылытқыштарды, тәпішкелерді, ысқыштарды, дымқыл маталарды және т.б. қыздыру жарақаттарға, жануға немесе өртке әкелуі мүмкін. Тазалау кезінде құрылғыны суға немесе басқа сұйықтықтарға батырмаңыз. Құрылғыны бу тазалағыштың көмегімен тазалауға болмайды.
28. Микротолқынды пеште тамақ пісіргенде тағамдар мен сусындарға арналған металл контейнерлерді қолдануға болмайды.
29. Құрылғыдан контейнерлерді шығарған кезде, бұрмалы үстелдің компоненттері жылжып кетпеуін қадағалау қажет.
30. Пештің қызып кетуіне жол бермеу үшін оны сәндік есікшенің артына орнатуға болмайды.
31. Қауіпсіздік техникасы жөніндегі маңызды нұсқаулар Мұқият оқып шығыңыз және алдағы уақытта пайдалану үшін оны сақтап қойыңыз.

Электр тогымен зақымдану қатерін төмендету үшін құрылғыда қорғаныш жерге тұйықтау пайдаланылады.

ҚАУІП

Электр тогымен жарақаттану қаупі Кейбір ішкі компоненттерге қол тигізу ауыр жарақаттарға немесе өлімге әкелуі мүмкін. Бұл құрылғыны бөлшектемеңіз.

Осы құрылғы жерге тұйықталған болуы тиіс. Қысқа тұйықталу жағдайында жерге тұйықтау токты бұруға арналған өткізгіштің арқасында электр тогымен зақымдану қаупін азайтады. Бұл құрылғы жерге тұйықтау сүңгімесі бар жерге тұйықтау сымына ие сыммен жабдықталған. Сүңгіме ашаны дұрыс орнатылған және жерге тұйықталған желілік розеткаға қосу қажет.

ЕСКЕРТУ

Электр тогымен жарақаттану қаупі Жерге тұйықтауды дұрыс пайдаланбау электр тогымен зақымдануға алып келуі мүмкін. Құрылғы дұрыс орнатылмайынша және жерге тұйықталмайынша сүңгіме ашаны желілік розеткаға салмаңыз.

Егер жерге тұйықтау бойынша нұсқаулар толық түсінікті болмаса немесе құрылғының жерге дұрыс тұйықталғанында күмән болса, білікті электршіге немесе қызмет көрсету жөніндегі маманға жүгініңіз. Егер ұзартқышты пайдалану қажет болса, тек қана 3-талсымды ұзартқышты пайдаланыңыз.

ТАЗАЛАУ

Пештің электр қуат беру көзінен ажыратылғанына көз жеткізіңіз.

1. Пайдаланғаннан кейін пештің ішкі беттерін аздап дымқыл шүберекпен тазалаңыз.
2. Керек-жарақтарды сабынды суда әдеттегідей тазалаңыз.
3. Есікшенің жақтауы және тығыздағыш, сондай-ақ іргелес бөлшектерді ластанған болса дымқыл шүберекпен мұқият тазалау қажет.

1. Ұзын сымға оралу немесе оған сүрініп қалу қаупін азайту үшін қысқа электр қуат беру сымы қарастырылған.
2. Егер ұзын жалғағыш сым немесе ұзартқыш қолданылса:
 - 1) Қосқыш сымның немесе ұзартқыштың көрсетілген атаулы қуаты, кем дегенде, пештің атаулы қуатынан аз болмауы керек.
 - 2) Ұзартқыш ретінде жерге тұйықталған 3 талсымы бар сымды пайдалану керек.
 - 3) Ұзын сым балалар тартуы мүмкін немесе оған кездейсоқ сүрініп қалу мүмкін болатын бағанамен немесе үстелмен бірге араласпайтындай етіп орналастырылуы керек.

ЫДЫС

САҚТАНДЫРУ!

Жарақат қауіпті

Микротолқынды энергияның әсерінен қорғауды қамтамасыз ететін қақпақты алумен байланысты кез келген қызмет көрсетуді немесе жөндеуді орындау білікті маман болып табылмайтын адам үшін қауіпті.

Нұсқаулар «Микротолқынды пеште қолдануға болатын материалдар» және «Микротолқынды пеште пайдалану кезінде аулақ болу қажет материалдар» тармақтарында берілген. Микротолқынды пеште қауіпсіз болып табылмайтын металл емес ыдыстардың белгілі бір түрлері болуы мүмкін. Күмән туындаған жағдайда, төмендегі процедураны орындау арқылы мұндай ыдыстарды тексеруге болады.

Ыдыс-аяқты тексеру:

1. Микротолқынды пеште қолдану үшін қауіпсіз контейнерге 1 стақан салқын су (250 мл) құйыңыз және оған сыналатын ыдысты салыңыз.
2. Пешті ең жоғары қуатқа 1 минутқа қосыңыз.
3. Ыдысты абайлап ұстап көріңіз. Егер бос ыдыс жылы болса, оны микротолқынды пеште пайдаланбаңыз.

Микротолқынды пеште пайдалануға болатын материалдар

Пайдаланылатын ыдысқа қатысты ескертулер

Алюминий жұқалтыр	Тек қана орау. Кішкентай тегіс кесектерді шектен тыс қызуға жол бермеу үшін еттің немесе құс етінің жұқа бөліктерін жабу үшін пайдалануға болады. Егер жұқалтыр пештің қабырғаларына тым жақын болса, ұшқын пайда болуы мүмкін. Жұқалтыр пеш қабырғаларынан кем дегенде 2,5 см қашықтықта орналасуы тиіс.
Қуыруға арналған ыдыс.	Өндірушінің нұсқауларын орындаңыз. Қуыруға арналған ыдыстың төменгі бөлігі бұрмалы үстелдің үстінде шамамен 5 мм қашықтықта болуы керек. Дұрыс емес пайдалану бұрмалы үстелдің сынуына әкелуі мүмкін.
Асханалық ыдыс	Тек микротолқынды пеште пайдалану қауіпсіз. Өндірушінің нұсқауларын орындаңыз. Жарықтары немесе кетіктері бар ыдысты қолданбаңыз.
Шыны құтылар	Әрқашан қақпағын ашыңыз. Тағамдар жылы болғанша жылыту үшін ғана пайдаланыңыз. Шыны құтылардың көбісі қыздыруға төзімсіз болып табылады және шытынап кетуі мүмкін.
Шыны ыдыс	Тек пеште қолдануға арналған қыздыруға төзімді шыны ыдыс. Ыдыста металл жиектер жоқ екеніне көз жеткізіңіз. Жарықтары немесе кетіктері бар ыдысты қолданбаңыз.
Тағамдарды пеште пісіруге арналған қалталар	Өндірушінің нұсқауларын орындаңыз. Қалталарды металл қысқыштардың көмегімен байламаңыз. Бу шығуы үшін саңылаулар жасаңыз.
Қағаз тәрелкелер мен шыныаяқтар	Қысқа уақыт пісіру немесе қыздыру үшін ғана пайдаланыңыз. Тағамдарды пісіру кезінде пешті қараусыз қалдырмаңыз.
Қағаз сүлгілер	Тағамдарды жабу және артық майды сіңіру үшін қолданыңыз. Қысқа мерзімді пісіру үшін ғана қадағалауда қолданыңыз.
Пергамент қағазы	Шашырауды болдырмау мақсатында тағамдарды жабу үшін немесе бұмен пісіру кезінде орау үшін пайдаланыңыз.
Пластмасса	Тек микротолқынды пеште пайдалану қауіпсіз. Өндірушінің нұсқауларын орындаңыз. «Микротолқынды пеште пайдалану қауіпсіз» белгісі болуы керек. Кейбір пластмасса контейнерлер ішіндегі тағамдар ыстық болған кезде жұмсарады. Көмештеуге арналған қалталарда және тығыз жабылған пластик қалталарда қаптамалардағы нұсқауларға сәйкес кесіктер немесе тесіктер жасау қажет.
Пластик орама	Тек микротолқынды пеште пайдалану қауіпсіз. Ылғалды сақтау үшін пісіру кезінде тағамды орау үшін пайдаланыңыз. Пластик ораманың тағамдарға тиіп кетуіне жол бермеңіз.
Термометрлер	Тек микротолқынды пеште пайдалану қауіпсіз өнімдер (ет немесе кондитерлік өнімдерге арналған термометрлер).
Балауызды қағаз	Шашырауды болдырмау және ылғалды сақтау үшін орауыш ретінде пайдаланыңыз.

Микротолқынды пешті пайдалану кезінде қолданбау қажет материалдар

Пайдаланылатын ыдысқа қатысты ескертулер

Алюминий науалар	Ұшқын тудыруы мүмкін. Тағамдарды микротолқынды пеште пайдалану қауіпсіз болатын ыдысқа салыңыз.
Тағамдарға арналған металл тұтқалары бар картон қораптар	Ұшқын тудыруы мүмкін. Тағамдарды микротолқынды пеште пайдалану қауіпсіз болатын ыдысқа салыңыз.
Металл ыдыс немесе металл әрлеуі бар ыдыс	Металл микротолқынды энергияның тағамдарға қолжетімділігін жабады. Металл әрлеу ұшқын тудыруы мүмкін.
Металл қысқыш-бұрағыштар	Ұшқын тудыруы мүмкін және пеште өртке әкелуі мүмкін.
Қағаз қалталар	Пеште өртенуі мүмкін.
Пенопласт	Пенопласт жоғары температураның әсерінен ондағы сұйықтықты ерітуі немесе ластауы мүмкін.
Сүрек	Микротолқынды пеште пайдалану кезінде сүрек кебеді және жарылуы немесе шытынауы мүмкін.

ПЕШТІ ОРНАТУ

Пеш бөлшектері мен керек-жарақтарының атаулары

Пешті және барлық керек-жарақтарды картон қораптан және пеш құысынан алып шығыңыз.

Пешті жеткізу жиынтығына келесі керек-жарақтар кіреді:

Шыны диск


1

Бұрмалы үстел сақинасы жинақталған

1

Пайдалану жөніндегі нұсқаулық

1




Жұмыс кезінде есікті ашсаңыз, пештің электр қуаты өшеді.

Бұрмалы үстелді орнату

Күпшек
(төменгі жағында)

Шыны диск



Бұрмалы үстел
білікшесі

Бұрмалы үстел сақинасын
жинақталған

- Ешқашан шыны дискіні төңкерілген күйінде орнатпаңыз. Шыны дискінің қозғалысына ештеңе кедергі болмауы керек.
- Тағамдарды пісіру кезінде әрқашан шыны дискіні де, бұрмалы үстел сақинасын да пайдалану керек.
- Пісіру кезінде барлық тағамдар мен тағамы бар контейнерлерді әрқашан шыны дискіге қою керек.
- Егер шыны дискіде немесе бұрмалы үстел сақинасында жарықтар пайда болса немесе бұл компоненттер сынған болса, жақын жердегі уәкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

Орнату

- Микротолқынды пеш корпусының бетіндегі барлық қорғаныс қабығын алып тастаңыз. Магнетронды қорғау үшін пештің қуысына бекітілген ақшыл слюда табақшасын алып тастамаңыз.
- Бұл пеш тек кіріктіруге арналған. Ол бағанаға орнатуға немесе шкаф ішінде пайдалануға арналмаған.
- Құрылғыны ені 60 см (және тереңдігі кемінде 55 см) қабырға шкафына орнатуға болады.
- Құрылғы ашамен жабдықталған және тек дұрыс орнатылған жерге тұйықталған желілік розеткаға қосылуы керек.
- Желінің кернеуі зауыттық тақтада көрсетілген кернеуге сәйкес келуі керек.
- Желілік розетканы орнатуды және қосылатын кабельді ауыстыруды тек білікті электрші орындауы керек. Егер сүңгіме ашасын орнатқаннан кейін оған қол жеткізу мүмкін болмаса, онда орнату орнында барлық полкюстерде кемінде 3 мм контактілер арасындағы саңылауы бар ажыратқыш қарастырылуы тиіс.
- Жалғағыштарды, көп розеткалы блоктарды және ұзартқыштарды пайдалануға жол берілмейді. Шамадан тыс жүктеме жану қаупіне әкелуі мүмкін.

Орнату сұлбасы

1. Орнату үшін қажетті компоненттердің тізімі

1) Шкаф (1-сурет)

※ Шкафтың өлшемдері 1-суретте көрсетілгенге сәйкес келуі тиіс.


2) Орнату үлгісі (2-сурет)

3) Микротолқынды пештің төменгі панеліне бекітілген болат табақша (3-сурет)

4) Шкафтың төменгі панеліне бекітілген болат табақша (4-сурет)

5) Бұрандалар (5–7-суреттер)

1-сур.



2-сур.



3-сур.



4-сур.



5-сур.



6-сур.



7-сур.




2. Орнату алдында тексеру пункттері


- 1) Микротолқынды пешке әрлеу жинағын бекітетін 4 бұранданың (2 жоғарғы және 2 төменгі) бекітілгенін тексеріңіз.
- 2) Есікше панелінің алдыңғы беті мен әрлеу жиынтығының алдыңғы беті тегіс бетті құрауы керек. Егер осы екі бөлшектің беттері сәйкес келмесе, әрлеу жиынтығын микротолқынды пешке бекітетін бұрандаларды босатыңыз, содан кейін әрлеу жиынтығының бетін тегістеңіз.
※ Есікше пен әрлеу жиынтығы арасындағы панельдің тегіс емес беті осы екі бөлшектің бір-біріне тиіп кетуіне әкелуі мүмкін.
- 3) Сол және оң жақ, сондай-ақ микротолқынды пеш пен әрлеу жиынтығы арасындағы төменгі және жоғарғы саңылаулар бірдей болуы керек.
Мысалы, сол жақ саңылау оң жақтағыдан сәл үлкенірек болуы мүмкін.
Егер саңылаулар бірдей болмаса, әрлеу жиынтығын микротолқынды пешке бекітетін бұрандаларды босатыңыз, содан кейін әрлеу жиынтығын оңға және солға немесе жоғары және төмен жылжыту арқылы тесікті реттеңіз.

3. Орнату процедурасы.

- 1) Шкафтың төменгі панеліндегі шкафтың ортаңғы сызығын белгілеңіз.
- 2) Орнату үлгісін шкафтың төменгі панеліне қойып, орнату үлгісінің ортаңғы сызығы мен шкафтың ортаңғы сызығын сәйкестендіріңіз.
- 3) Микротолқынды пештің төменгі панеліне № 3 болат табақты 8-суретте көрсетілгендей № 6 2 бұранда көмегімен бекітіңіз.
- 4) 9-суретте көрсетілгендей № 6 3 бұранданың көмегімен шкафтың төменгі панеліне № 4 болат табақты бекітіңіз.
* Болат табақты бекітіп, шкафтан орнату үлгісін алып тастаңыз.
- 5) Микротолқынды пешті шкафқа салыңыз да, № 3 болат табақты 10-суретте көрсетілгендей № 4 болат табақтың тікбұрышты тесігіне салыңыз.




10-сур.




- 6) Шкафқа тірек кронштейндерін орнатыңыз. Кронштейннің төменгі нүктесінен шкафтың төменгі жиегіне дейінгі қашықтық $100 \text{ мм} \pm 1 \text{ мм}$ екеніне көз жеткізіңіз 6#.

11 -сур.




- 7) Микротолқынды пешті тауашаға салыңыз және оның тығыз екеніне көз жеткізіңіз.

12 -сур.



- 8) Микротолқынды пешті 13-суретте көрсетілгендей № 7 бұрандалардың көмегімен шкафтың төменгі бөлігіне бекітіңіз.




13-сур.





Пайдалану жөніндегі нұсқаулар



1. Сағатты орнату

Микротолқынды пешті қосқан кезде дисплейде «0:00» пайда болады және бір реттік дыбыстық сигнал шығады.

- 1) «» түймесін екі рет басыңыз, сонда сағат сандары жыпылықтай бастайды.
- 2) Сағаттың мәнін өзгерту үшін «+» және «-» түймелерін басыңыз. 0-ден 23-ке дейінгі мәнді таңдаңыз.
- 3) «» түймесін басыңыз, сонда минут сандары жыпылықтай бастайды.
- 4) Минуттардың мәнін өзгерту үшін «+» және «-» түймелерін басыңыз. 0-ден 59-ға дейінгі мәнді таңдаңыз.
- 5) Сағатты орнатуды аяқтау үшін «» түймесін басыңыз. «:» таңбасы жыпылықтайды және уақыт жарқырайтын болады.




- Ескерту:**
1. Егер сағат орнатылмаған болса, ол электр қуат көзі қосулы кезде жұмыс істемейді.
 2. Сағатты орнату кезінде «» басатын болсаңыз, пеш автоматты түрде алдыңғы режимге оралады.
 3. Сағатты орнату режиміне оралу үшін «» түймесін ұзақ басыңыз.

2. Микротолқынды пеште тағамдарды пісіру

«» түймесін басыңыз, сонда дисплейде «700» жазуы пайда болады. Содан кейін, қажетті қуатты таңдау үшін «+» және «-» пернелерін басыңыз және олардың әрқайсысы үшін «600», ..., «200», «100» көрсетіледі. Растау үшін «» түймесін басыңыз.

Содан кейін, пісіру уақытын орнату үшін «+» және «-» түймелерін басыңыз. 0:05-тен 95:00-ге дейінгі мәнді таңдаңыз.



Пісіруді бастау үшін «» түймесін басыңыз.


- 1) «» түймесін бір рет басыңыз, сонда дисплейде «700» жазуы пайда болады.
- 2) «700» микротолқын қуатын таңдау үшін «-» түймесін тағы бір рет басыңыз. Растау үшін «» түймесін басыңыз.
- 3) Содан кейін пісіру уақытын орнату үшін пештің дисплейінде «20:00» пайда болғанша «+» және «-» түймелерін басыңыз.
- 4) Пісіруді бастау үшін «» түймесін басыңыз.

Ескерту: уақытты реттеу аралықтары:

0–1 мин	: 5 секунд
1–5 мин	: 10 секунд
5–10 мин	: 30 секунд
10–30 мин	: 1 минут
30–95 мин	: 5 минут

3. Гриль

«» түймесін бір рет басыңыз, сонда дисплейде «G» жазуы пайда болады. Содан кейін пісіру уақытын 0:05-тен 95:00-ге дейін орнату үшін, «+» және «-» түймелерін басыңыз. Пісіруді бастау үшін «» түймесін басыңыз.

1) «» түймесін бір рет басыңыз, сонда дисплейде «G» жазуы пайда болады.




2) Пісіру уақытын орнату үшін пештің дисплейінде «10:00» жазуы пайда болғанша «+» және «-» түймелерін басыңыз.


3) Пісіруді бастау үшін «» түймесін басыңыз.

Ескерту: Қақтама режимінде жарты уақыт өткеннен кейін пеш дыбыстық сигнал шығарады және бұл қалыпты жағдай.

Бұл қақтамада өте жақсы пісіруіңіз мүмкін болуы үшін тағамды аударып қою үшін қарастырылған. Тағамдарды аударып қойғаннан кейін есікшені жабу керек, содан кейін ешқандай әрекет қажет болмаса, пеште пісіру жалғасады.

4. Тағамдарды аралас пісіру

«» түймесін бір рет басыңыз, сонда дисплейде «C-1» жазуы пайда болады. «» түймесін екі рет басыңыз, сонда дисплейде «C-2» жазуы пайда болады. Содан кейін пісіру уақытын 0:05-тен 95:00-ге дейін орнату үшін, «+» және «-» түймелерін басыңыз. Пісіруді бастау үшін «» түймесін басыңыз.

1) «» түймесін бір рет басыңыз, сонда дисплейде «C-1» жазуы пайда болады.

2) Пісіру уақытын орнату үшін пештің дисплейінде «10:00» жазуы пайда болғанша «+» және «-» түймелерін басыңыз.

3) Пісіруді бастау үшін «» түймесін басыңыз.

Қақтама және аралас пісіру режимдеріне арналған нұсқаулар

№ р/с	Дисплейдегі жазу	Микротолқынды пештің қуаты	Қақтама қуаты
1	G	0%	100%
2	C-1	60%	40%
3	C-2	30%	70%

5. Жылдам іске қосу

- 1) Пісіруді 100% қуатпен бастау үшін күту режимінде « \triangleright_{+30} » түймесін басыңыз. Әр келесі басу пісіру уақытын 30 секундтан 95 минутқа шейін арттыратын болады.
- 2) Микротолқындар, қақтама, аралас пісіру немесе жібіту режимінде « \triangleright_{+30} » түймесін әрбір басу пісіру уақытын 30 секундқа арттыруға мүмкіндік береді.
- 3) Пісіру уақытын 100% микротолқындар қуатымен орнату үшін күту режимінде «+» және «-» түймелерін басыңыз. Содан кейін пісіруді бастау үшін « \triangleright_{+30} » түймесін басыңыз.

6. Салмағы бойынша еріту

- 1) « ☉ » түймесін бір рет басыңыз, сонда дисплейде «dEF1» жазуы пайда болады.
- 2) Салмағы 100-ден 2000 грамға дейінгі тағамды таңдау үшін «+» және «-» түймелерін басыңыз.
- 3) Жібітуді бастау үшін « \triangleright_{+30} » түймесін басыңыз.

7. Уақыт бойынша еріту

- 1) « ☉ » түймесін екі рет басыңыз, сонда пештің дисплейінде «dEF2» жазуы пайда болады.
- 2) Жібіту уақытын орнату үшін «+» және «-» түймелерін басыңыз.
- 3) Жібітуді бастау үшін « \triangleright_{+30} » түймесін басыңыз.

8. Мәзір

« ☐☐ » түймесін бір рет басыңыз, сонда дисплейде «P1» жазуы пайда болады. Содан кейін, таңдау үшін « ☐☐ » түймесін басыңыз, сонда дисплейде ұннан жасалған кондитерлік өнімдерді, пиццаны, сорпаны, етті, макарон өнімдерін, көкөністерді, картопты және қыздыруды білдіретін «P1»–«P8» жазулары пайда болады.

Растау үшін « \triangleright_{+30} » түймесін басыңыз.

Содан кейін, мәзір кестесіне сәйкес әдепкі салмақты таңдау үшін «+» және «-» түймелерін басыңыз.

Пісіруді бастау үшін « \triangleright_{+30} » түймесін басыңыз.



Мысалы: 400 г көкөніс дайындау үшін сіз «Мәзір» пайдаланғыңыз келеді.

- 1) « ☐☐ » түймесін бір рет басыңыз, сонда дисплейде «P1» жазуы пайда болады.
- 2) «P6» таңдау үшін « ☐☐ » түймесін басыңыз. Растау үшін « \triangleright_{+30} » түймесін басыңыз.
- 3) Содан кейін, дисплейде «400» пайда болғанша салмақты таңдау үшін «+» және «-» түймелерін басыңыз.
- 4) Пісіруді бастау үшін « \triangleright_{+30} » түймесін басыңыз.





Мәзір кестесі:

Мәзір	Салмақ	Дисплейдегі жазу
P1 Ұннан жасалған кондитерлік өнімдер	200 г	200 г
	475 г	475 г
P2 Пицца	200 г	200 г
	400 г	400 г
P3 Сорпа	200 г	200 г
	400 г	400 г
	600 г	600 г
P4 Ет	200 г	200 г
	400 г	400 г
	600 г	600 г
P5 Макарон өнімдері	50 г + 450 г	50 г
	100 г + 800 г	100 г
	150 г + 1200 г	150 г
P6 Кекөністер	200 г	200 г
	400 г	400 г
	600 г	600 г
P7 Картоп	250 г	250 г
	500 г	500 г
	750 г	750 г
P8 Қыздыру	200 г	200 г
	400 г	400 г
	600 г	600 г

9. Таймер


- 1) «» түймесін бір рет басыңыз, сонда дисплейде «0:00» жазуы пайда болады.
- 2) Таймерді орнатыңыз. (Сағатты орнату нұсқаулығын қар.)
- 3) Таймерді іске қосу үшін «» түймесін басыңыз.
- 4) Уақыт кері санағы аяқталғаннан кейін дыбыстық сигнал шығады.


10. Анықтамалық функциялар

- 1) Пісіру режимінде «» түймесін басыңыз, сонда 3 секунд ішінде ағымдағы уақыт көрсетілетін болады.
- 2) Микротолқынды пеш режимінде «» түймесін басыңыз, сонда 3 секунд ішінде ағымдағы қуат көрсетілетін болады.
- 3) Қақтама және аралас пісіру режимдерінде «», «» түймесін басыңыз, сонда 3 секунд ішінде ағымдағы мәзір көрсетіледі.

11. Балалардан бұғаттау функциясы

Бұғаттау: күту режимінде 3 секунд бойы «» түймесін басыңыз, сонда пеш балалардан бұғаттау режиміне кіруді білдіретін ұзақ дыбыстық сигнал шығарады.

Егер уақыт орнатылған болса, дисплейде бұғаттау индикаторы пайда болады, қарсы жағдайда дисплейде «» көрсетілетін болады.

Бұғатты алып тастау: бұғаттау режимінде 3 секунд бойы «» түймесін басыңыз, сонда пеш бұғатты алып тастауды білдіретін ұзақ дыбыс шығарады.

Ақаулықтарды іздеу және жою

Ақаулық болып табылмайды	
Микротолқынды пеш теледидар сигналдарын қабылдауға кедергі жасайды	Микротолқынды пеш жұмыс істеп тұрған кезде радио және теледидар сигналдарын қабылдауға кедергі болуы мүмкін. Ұқсас жағдай миксер, шаңсорғыш немесе электрлік желдеткіш сияқты шағын электрлік аспаптарды пайдаланғанда пайда болады. Бұл қалыпты жағдай.
Пештің ішіндегі жарық күңгірттеніп жанады.	Төмен қуатты микротолқынды пеште тамақ пісіру кезінде пештегі жарық күңгірттеніп жануы мүмкін. Бұл қалыпты жағдай.
Есікшенің булануы, желдеткіш тесіктерден ыстық жел соғады	Тағамдарды дайындау кезінде олардан бу шығуы мүмкін. Негізінен бу желдеткіш саңылаулар арқылы шығарылады. Дегенмен, оның кейбір бөлігі пештің есікшесі сияқты суық беттерде жиналуы мүмкін. Бұл қалыпты жағдай.
Пештің іші бос болғанда, ол кездейсоқ қосылған.	Аспапты іші бос болғанда қосуға тыйым салынады. Бұл өте қауіпті.

Ақаулық	Ықтимал себебі	Жою тәсілі
Пеш қосылмайды	(1) Электр қуат беру сымы сенімсіз салынған.	Оны желіден ажыратыңыз. 10 секундтан кейін оны қайта қосыңыз.
	(2) Сақтандырғыш немесе автоматты сөндіргіш іске қосылады.	Сақтандырғышты ауыстырыңыз немесе автоматты ажыратқышты (компаниямыздың білікті маманы жөндеген) қалпына келтіріңіз
	(3) Желілік розетка мәселесі.	Желілік розетканы басқа электр аспаптарының көмегімен тексеріңіз.
Пеш қызбайды.	(4) Есікше тығыз жабылмаған.	Есікшені мықтап жабыңыз.
Шыны бұрмалы үстел микротолқынды пеш жұмыс істеп тұрған кезде шу шығарады.	(5) Шығыршықты тіреуіштің және пештің төменгі бөлігінің ластануы.	Ластанған бөлшектерді тазалау бойынша ұсыныстар микротолқынды пешке техникалық қызмет көрсету бөлімінде берілген.



Электрлік және электрондық жабдықтың қалдықтары (ЭЭЖҚ) жөніндегі директиваға сәйкес, бұл қалдықтарды бөлек жинау және қайта өңдеу керек. Егер сізге болашақта осы бұйымды кәдеге жарату қажет болатын болса, оны ЕШҚАШАН тұрмыстық қалдықтармен бірге кәдеге жаратпаңыз. Егер бар болса, бұл бұйымды ЭЭЖҚ жинау пункттерінің біріне жіберіңіз.



Пеш жұмыс істеп тұрған кезде қорғалмаған беттер ыстық болуы мүмкін.

Тасымалдау және сақтау

Өнімді онда көрсетілген белгілерге сәйкес бастапқы орауышына тасымалдау және сақтау керек.

Жүктеу, түсіру және тасымалдау кезінде абай болыңыз.

Көлік құралы және қоймасы сақтау өнімді атмосфералық жауын-шашыннан және механикалық зақымданудан қорғауы керек

КЛИЕНТТЕРГЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

Клиенттерге қолдау көрсету қызметі

Біз «Хайер» компаниясының клиенттерге қолдау көрсету қызметіне хабарласуды, сондай-ақ түпнұсқа қосалқы бөлшектерді пайдалануды ұсынамыз. Егер сіздің тұрмыстық техникаңызда мәселелер туындаса, алдымен «Ақаулықтарды жою» бөлімін оқып шығыңыз. Егер сіз мәселенің шешімін таппаған болсаңыз, келесіге жүгініңіз:

— ресми дилеріңізге немесе

— біздің колл-орталыққа:

8-800-070-01-29 (PK)

— <https://haieronline.kz> сайтына, онда сіз қызмет көрсетуге өтініш қалдыра аласыз, сондай-ақ жиі қойылатын сұрақтарға жауап таба аласыз.

Біздің қызмет көрсету орталығына хабарласып, паспорт тақтайшасында және чекте таба алатын келесі ақпаратты дайындаңыз:

Үлгісі _____

Сериялық нөмірі _____

Сату күні _____



Сондай-ақ, кепілдік пен сату құжаттарының болуын тексеріңіз.

Маңызды! Аспапта сериялық нөмірінің болмауы Өндіруші үшін аспапты сәйкестендіруді және нәтижесінде кепілдікті қызмет көрсетуді мүмкін емес етеді. Аспаптан зауыттық сәйкестендіру тақтайшаларын алып тастауға тыйым салынады. Зауыттық тақтайшалардың болмауы кепілдік міндеттемелерін орындаудан бас тартуға әкелуі мүмкін.

Осы құжатқа алдын ала ескертусіз өзгерістер енгізілуі мүмкін. Өндіруші бұйымның дизайны мен жиынтықтамасына қосымша ескертусіз өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады.

Бұйым Еуразиялық экономикалық (Кедендік) одақтың техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкес келеді.

Сәйкестік сертификаты № ЕАЭС RU C-CN.АЯ46.В.33292/24 06.02.2024 бастап 05.02.2029 дейін әрекет етеді.

12.10.2020 ж. № ЕАЭС N RU Д-CN.БЛ08.В.03509/20 сәйкестік туралы декларациясы 23.08.2025 дейін қолданылады.

КЕПІЛДІК ШАРТТАРЫ

үрметті сатып алушы!

aiер корпорациясы мына мекенжай бойынша орналасқан: Room S401, Haier Brand building, Haier Industry park, Hi-tech Zone, Laoshan istric, Qingdao, Қытай. Сізге таңдауыңыз үшін алғыс айтады білдіреді және пайдалану ережелерін ұстанған кезде осы бұйымның оғары сапасы мен мінсіз жұмыс атқаратындығына кепілдік береді. Тұрмыста пайдалану үшін арналған тұрмыстық бұйымның ұмысқа жарамды ресми мерзімі: бұйым кесімді тұтынушыға табысталған күннен бастап теледидарларға, микротолқынды пештер - 5 жыл, планшеттік компьютерлерге, ноутбуктерге және теледидарлық приставкаларға — 3 жыл, шаңсорғыштарға — 4 жыл, ұялы эффондар мен гироскутерлерге — 2 жыл, қалған тауарларға — 7 жыл. Өнімнің жоғары сапасын ескере отырып, нақты қызмет ету ерзімі ресми қызмет ету мерзімінен әлдеқайда ұзағырақ болуы мүмкін. Қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін профилактикалық ұмыстарды жүргізу үшін және ұсынымдар алу үшін Авторландырылған сервистік орталыққа жүгінуіңізді сұраймыз. Барлық өнім айдалану шарттарын ескере отырып өндірілген және Еуразиялық экономикалық (кедендік) одақтың техникалық регламенттерінің лаптарына сәйкес келеді.

үсінбеушіліктерді болдырмау үшін сатып алу кезінде пайдалану құжаттамасы мен кепілдік шарттарын мұқият оқып шығуыңызды раймыз. Осы бұйым тұрмыстық мақсаттағы техникалық күрделі тауар болып табылады. Егер Сіз сатып алған бұйым арнайы знатуды және іске қосуды талап еткен болса, Біз сізге Haier үкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласуды ұсынамыз.

aiер корпорациясы бұйымның ақаулары анықталған жағдайда қолданыстағы тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі зңамаммен, басқа нормативтік актілермен белгіленген тұтынушылардың талаптарын қанағаттандыру жөніндегі міндеттемелерді зіне қабылдағанын растайды. Бірақ Haier корпорациясы төменде аталған шарттарды сақтамаған жағдайда кепілдікті де, сондай-ақ эрвистік қызмет көрсетуден де бас тарту құқығын өзіне қалдырады.

епілдікті және сервистік қызмет көрсетудің шарттары

aiер корпорациясы тауарды тұтынушыға табыстап берген күннен бастап 12 ай кепілдікті мерзімді белгілейді және тауарды тұтынушыға табыстап берген күннен бастап 36 ай ішінде қосымша сервистік қызмет көрсетеді. Ықтимал түсінбестікке жол бермеу лін бұйымды сатқан кезде оған қоса берілетін құжаттарды (тауар чегі, кассалық чек, пайдалану құжаттамасы) қолдану мерзімі ішінде ақтаңыз. Бұйымға қосымша сервистік қызмет көрсету — Өндірушінің кінәсінен туындаған бұйымның ақауларын жою тұтынушы үшін згін. Бұл қызмет бұйым иесі тауар және кассалық чектерін, бұйымды сатып алу дерегін растаушы басқа құжаттарды көрсеткен кезде на көрсетіледі.

әпілдікті тек үкілетті Haier қызмет көрсету орталықтары көрсетеді. Үкілетті қызмет көрсету орталықтарының толық тізімін алу үшін злес нөмірлерге қоңырау шалу арқылы Haier байланыс орталығына хабарласыңыз:

(800) 070-01-29 — Қазақстаннан келген тұтынушылар үшін (Қазақстан өңірлерінен тегін қоңырау шалу)

әмесе <https://haieronline.kz/> сайтында немесе support-kz@haieronline.kz электрондық поштасында.

әкілетті қызмет көрсету орталықтары өзгеруі мүмкін, толық ақпарат алу үшін Haier байланыс орталығына хабарласыңыз.

епілдікті және қосымша қызмет көрсету ақаулары келесі салдарынан туындаған бұйымдар таратылмайды:

- тұтынушының тауарды пайдалану, сақтау және/немесе тасымалдау шарттары мен ережелерін бұзу;
- бұйымды дұрыс орнатпау және/немесе іске қосу;
- тоңазыту контурымен және электрлік қосылыстармен жұмыс технологияларын бұзу, сондай-ақ Бұйымды монтаждау үшін құжаттармен расталған, тиісті біліктілігі болмаған тұлғаларды тарту;
- пайдалану құжаттамасында талап етілгендей, Тауарға уақтылы қызмет көрсетілмесе;
- суқұбыр желісіндегі артық немесе жеткіліксіз қысым;
- бұйымның осы түріне сәйкес келмейтін жуғыш құралдарды қолдану, сондай-ақ жуғыш құралдардың мөлшерлемесін асып кету;
- бұйымды тағайындалмаған мақсаттарында пайдалану;
- үшінші тұлғалардың әрекеттері: үкілі етілмеген тұлғалармен жөндеу немесе өндірушімен санкцияланбаған құрылмалық немесе сұлбалық техникалық өзгерістерді енгізу;
- Стандарттардан және желілерді қуаттаушы нормалардан ауытқу;
- еңсерілмейтін күштердің әрекеттері (апат, өрт, найзағай және т.б.);
- жазатайым оқиғалар, тұтынушының немесе үшінші тұлғалардың қасақана немесе абайсыз әрекеттері;
- егер бұйым ішіне бөгде заттар, сұйықтықтар, жәндіктер, жәндіктердің тіршілік ету өнімдері түскеннен ақаулар анықталған болса;
- су жылытқыштың сумен толтырылмаған / толық толтырылмаған бөгің қосу салдарынан термоқорғаныстың іске қосылуы.

епілдікті және қосымша қызмет көрсету келесі жұмыс түрлеріне таратылмайды:

- бұйымды пайдалану жерінде орнату және іске қосу;
- тұтынушыға бұйымды пайдалану жөнінде нұсқалама және кеңес беру;
- бұйымды сырттан немесе ішінен тазарту.

өменде аталған шығыс материалдар мен аксессуарлар кепілдікті және қосымша қызмет көрсетуге жатпайды:

- желдеткіштерге арналған сүзгілер;
- кір жуғыш / ыдыс жуғыш машиналар үшін суды жеткізуге / ағызға арналған сүзгілер, құбыршектер;
- шаңсорғыштарға арналған құбыршектер, түтіктер, қылшақтар, қондырмалар, шаңжинағыштар;
- қысқа толқынды пештерге арналған төрелкелер, істіктер, ыдыстар мен тіреуіштер;
- сүзгілер, иісті сіңіргіштер, ләмпішкелер, сөрелер, жәшіктер, тіреуіштер және тағамдарды тоңазытқышта сақтауға арналған өзге сыйымдыдықтар;
- басқару пультітер, аккумуляторлық батареялар, қуаттандыру элементтері, сыртқы қуаттандыру блоктары және зарядтау құрылғылары;
- бұйымға қоса берілетін құжаттама.

ұйымға мерзімді қызмет көрсету (сүзгілерді ауыстыр және т.б.) тұтынушының қалауы бойынша қосымша төлеу арқылы жүргізіледі.

Іаңызды! Аспапты сериялық нөмірінің болмауы Өндірушіге аспапты сәйкестендіру мүмкіндігін бермейді және осы салдарынан оған зызмет көрсету мүмкіндігі болмайды. Аспапта зауыттық сәйкестендіруші маңдайшаларды алып тастауға тыйым салынады. Зауыттық аңдайшаларының зақымдалуы немесе болмауы кепілдікті міндеттемелерден бас тартудың себебі болуы мүмкін.

қосымша сервистік қызмет көрсету электрлік су жылытқыштарға, қысқа толқынды пештерге, HRB-331 модельдік тоңазытқыштарға, ұздатықштарға, газ плиталарына, шаңсорғыштарға, робот-шаңсорғыштарға, теледидарларға, теледидарлық приставкаларға, паншеттік компьютерлерге, ноутбуктерге, ұялы телефондарға, гироскутерлерге таралмайды.

Haier

Изготовитель: «Haier Overseas Electric Appliances Corp. Ltd.»,
Room S401, Haier Brand building, Haier Industry park Hi-tech
Zone, Laoshan District, Qingdao, China

Өндіруші: «Haier Overseas Electric Appliances Corp. Ltd.»,
Рум S401, Хайер бренд билдинг, Хайер индастри парк Хай-
тек зон, Лаошан дистрикт, Циндао, Қытай

Уполномоченная организация/ импортер:
ООО «ХАР», 121099, город Москва, Новинский бульвар, дом
8, этаж 16, офис 1601.

Қазақстан Республикасындағы уәкілетті ұйым/ импорттаушы:
«Хайер Мидл Эйжа» ЖШС, 050000, Алматы қаласы, Медеу
ауданы, Достық даңғылы, 210 ғимарат.

Уполномоченная организация в Республике Казахстан:
ТОО «Хайер Мидл Эйжа», 050000, город Алматы,
Медеуский район, Проспект Достык, дом 210.

Сделано в Китае
Қытайда жасалған

Дата изготовления и
гарантийный срок указаны
на этикетке устройства

Шығарылған күні және
кепілдік мерзімі
құрылғының
заттанбасында көрсетілген

